# Сәлем, сен біздің оқырмансың!

**Жылдағы дәстүр бойынша бүлдіршіндерді кітапханаға тартып, оқуға баулу мақсатында жуыр-да №2 ғылыми әмбебап кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі 2016 жылдың бірінші оқырманын қабылдады.**

Бүлдіршіндер алуан түр-і кітаптармен және кітап кейіпкерлерімен таны-ты. Алдар Көсенің қойған тұрақтарына жауап берді.

Биылғы жылдың бірін-ші оқырманы болып №6 Абай Құнанбаев атындағы орта мектептің 4» сынып оқушысы Асхат Әлинұр тіркелді. Осы аталған мектептің ұстаздарына алғысымызды білдіреміз. Бүгінгі таңда оқырман баланың қызығушылығын арттыру мақсатында балабақша – мектеп-кітапхана болып жұмыс жасалса, оң нәтиже болары сөзсіз. Мектептің 4-сынып оқушылары түгелдей кітапхана оқырмандары. Сонымен қатар кітапханадағы «Шебер қолдар» үйірмесіне қатысады. Әлинұр 6 жасынан бастап кітапхананың тұрақты оқырмандарының бірі. Ол кітапхананың өсіп-өркендеуін тілейді.

Иә, тек кітап қана қайырымдылық пен адалдықтың, ақиқат пен жалғандықтың ара жігін танып білуге үйретеді. Оны осы өлең жолдарынан аңғарғандаймыз.

Олай болса, құрметті ата-аналар, оқушылар, кітапханаға асығыңыздар!

**Сәуле АХМЕТҚЫЗЫ,**
**балалар әдебиеті**
**бөлімінің**
**кітапханашысы.**

